

«Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Тамыз айындағы №1 әдістемелік кеңестің

х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 31.08.2023ж

Қатысуға тиісті: 18

Қатысқандар: 16(қосымша1)

Тақырыбы: «Жоспарлар, нұсқаулықтар, акпараттар»

Күн тәртібінде:

1. Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар: 2023-2024 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарын таныстыру туралы;
2. Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар: Әдістемелік- нұсқау хатпен таныстыру туралы;
3. Мұттахикызы Г. Оқу-ісі жөніндегі орынбасар: Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру туралы;
4. Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар: Әдістемелік кеңес және әдістемелік кафедралар құрамын құру туралы;
5. Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар: Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын бекіту туралы;
6. Мұттахикызы Г. оқу-ісі жөніндегі орынбасар, кафедра жетекшілері Кокишева Г., Бекболатова Ж., Ерболатова С., Қанатбаев Б. : №130 бұйрыққа сәйкес мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарларын, тандау курстарының, қолданбалы курстардың бағдарламаларын бекіту туралы
7. Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар: Тәлімгерлік жүйесі қызметінің тиімділігі

I ТЫҢДАЛДЫ

Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар - 2023-2024 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарын таныстыру туралы (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 2)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

2023-2024 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары таныстырылды деп табылсын;

II ТЫҢДАЛДЫ

Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар – 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы осы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнаманы ұстануға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әзірленген. Әдістемелік нұсқау хат келесі нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды: - 2023-2024 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарға сілтемелер; - құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік, STEAM/ STEAM педагогикалық тәсілдерді іске асыру бойынша ұсыныстар; - пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты (оқу және жазу сауаттылығы, математикалық, ғылыми жаратылыстану сауаттылығы) қалыптастыру бойынша ұсыныстар; - пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттерді; цифрлық құзыреттер мен дағдыларды дамыту бойынша ұсынымдар. Білім беру процесінде білім алушы басты назарда тұруы тиіс. Барлық оқыту процесі оған қолайлы әрі қауіпсіз орта құруға бағытталуы қажет. Алдағы оқу жылында үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау өзекті міндет болады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 3)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

2023-2024 оқу жылына ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары таныстырылды деп табылсын;

III ТЫҢДАЛДЫ

Мұттахиқызы Г. Оқу-ісі жөніндегі орынбасар - «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту басты міндеттердің бірі болып табылады. 2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет. Ол аксиологиялық, тұлғаға бағытталған, сараланған, іс-әрекет, жүйелік тұрғылар, оқытудың дидактикалық ұстанымдар негізінде ұйымдастырылуы қажет. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау әкімшіліктің, әдіскерлердің, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің, сынып жетекшісінің, педагогтер мен ата-аналардың іс-әрекетін қамтуы тиіс. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 4)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

С.Аманқосова: Былтырғы оқу жылы тілдерден төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылар болды. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуі қажет. Ата-аналармен бірлескен жұмыстың нәтижесі болады деп ойлаймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуді ұйымдастыру пән мұғалімдеріне және бақылау-басшылық жасау оқу-ісі жөніндегі орынбасарға міндеттелсін;

IV ТЫҢДАЛДЫ

Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар: Әдістемелік кеңес және әдістемелік кафедралар құрамын құру туралы айтып өтті. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 5)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

2023-2024 оқу жылына әдістемелік кеңес және әдістемелік кафедралар құрамы бекітілсін;

V ТЫҢДАЛДЫ

Елеуова А. Бейін жөніндегі орынбасар: Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру жоспарын таныстырып өтті. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 6)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Ж.Есбергенова: Оқушыларды бейінді оқыту бағытында атқарылатын жұмыстардың маңызы зор. Ерте жастан кәсіптік бағдар беру барлық пәндерге кіріктіріліп өтіп, жобаларды жүзеге асыруды қажет етеді.

Ә.Дюсембаева: Әдістемелік нұсқаулықта көрсетілгендей жаратылыстану пәндерінен тоқсан сайын көрме ұйымдастыру оқушылардың қызығушылығын оятады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

2023-2024 оқу жылына «Оқушыларды бейінді оқыту жүйесін іске асыру» жоспарын бекіту бекітілсін және бақылау-басшылық жасау бейін жөніндегі орынбасарға жүктелсін;

VI ТЫҢДАЛДЫ

Мұттахиқызы Г. оқу-ісі жөніндегі орынбасар, кафедра жетекшілері Кокишева Г., Бекболатова Ж., Ерболатова С., Қанатбаев Б. : №130 бұйрыққа сәйкес мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарларын, таңдау курстарының, қолданбалы курстардың бағдарламаларымен таныстырып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Мұттахиқызы Г.: Орта білім беру ұйымдарындағы сабақтарды жоспарлау нормативтік құқықтық актілермен реттеледі: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнайы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>). Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мұғалімдер сабақты жоспарлауда екі құжатты жүргізеді: 1. Пәндер бойынша орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспар. 2. Қысқа мерзімді (сабақ) жоспар. Екі жоспар да қағаз түрінде де, электронды түрде де жүргізілуі мүмкін (word, pdf)

Бекболатова Ж.: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім беру ұйымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеген. Жоспар құруда мұғалімдер басшылыққа алды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

2023-2024 оқу жылына тақырыптық- күнтізбелік жоспарлар, таңдау курстарының, қолданбалы курстардың бағдарламалары қаралды деп табылсын және бақылау-басшылық жүргізу оқу-ісі жөніндегі орынбасарға міндеттелсін;

VII ТЫҢДАЛДЫ

Елеуова А. : «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығына сәйкес, жас мамандарға тәлімгерлік ету қажет. 2.3. Орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен педагогке (бұдан әрі – педагог) бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог (бұдан әрі – тәлімгер) бекітіледі. 2.12. Тәлімгерге тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді. 2.13. Тәлімгерлер резервін педагогикалық кеңес осы Қағидалардың 14, 15-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес, орта білім беру ұйымының басшысы мен басшының орынбасарларын қоспағанда, барлық жұмыс істейтін педагогтер қатарынан әдістемелік бірлестіктердің ұсынысы бойынша қалыптастырады. 3.14. Шағын жинақты мектептегі тәлімгерден басқа, тәлімгер мынадай талаптарға сәйкес болуы қажет: 1) «педагог-зерттеуші» не «педагог-шебер» біліктілік санаты; 1) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын

сақтауы; 2) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім алушылардың білім сапасы кемінде 60% - 70% . 3.15. Шағын жинақты мектептегі тәлімгер мынадай талаптарға сай болуы қажет: 1) «педагог-зерттеуші» не «педагог-шебер» біліктілік санаты; 2) педагогикалық этиканың негізгі қағидаттары мен нормаларын сақтауы; 3) соңғы үш жыл ішінде оқытатын пән бойынша білім сапасы кемінде 50% - 60%. Болатын мұғалім тәлімгерлікті жүргізеді. Биылғы оқу жылында ағылшын тілі және физика пәнінен келген жас мамандарға тәлімгерлік жүйелі жүргізілуі тиіс.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР


Дюсембаева Э.: Бытырғы оқу жылында мен химия пәні мұғалімі Таңатарқызы Айғанымға тәлімгерлік жасадым. Жас мамандардың теориялық білімі болғанымен практикада көп көмекті қажет етеді. Оқу жылында сабақ берудің әдіс-тәсілдерін, білім беру платформаларын сабақта пайдалану, бағалау, тапсырмаларға дискриптор құру т.б жұмыстарды жүргіздім.

Мүттахикызы Г.: Жалпы тәлімгерліктің жас мамандарға пайдасы зор. Алайда көп қиындық келтінетін мамандар да болады. Олармен жұмыс жасауды жалғастыра берген дұрыс деп ойлаймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- 2023-2024 оқу жылы ағылшын тілі, физика пәнінен келген жас мамандарға тәлімгерлік жүйелі жүргізілсін;
- Бақылау-басшылық жасау директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасарға тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:  А.Елеуова

Хатшы:  А.Таңатарқызы

«Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қараша айындағы №2 әдістемелік кеңестің

х а т т а м а с ы

Өтілген күні: 30.11.2023ж

Қатысуға тиісті: 18

Қатысқандар: 17(қосымша1)

Тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби шеберлігі – білім сапасының кепілі»

Күн тәртібінде:

- | | |
|----------------------------------|---|
| Кафедра жетекшісі
Г.Шоланова: | 1. Зияткер кафедрасы апталығының қорытындысы |
| Кітапханашы
А.Айтурова: | 2. Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру туралы |
| ДБЖО А.Елеуова: | 3. Адам және қоғам пәнінің берілісі |
| | 4. Ғылыми жетекшінің жұмыс сапасы |
| | 5. Ғылыми зерттеу жұмыстарына оқушының даярлығы |
| | 6. Сабақтар мен факультативтерде ғылыми жұмыс элементтерін енгізу |
| | 7. Педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі |
| | 8. Пән бойынша сабақтарды жоспарлау және ұйымдастыру сапасын анықтау |
| | 9. Жас педагогтардың кәсіби қиындықтарын анықтау |
| ДОДЖО
Г.Мұттахиқызы: | 10. Мектеп олимпиадасы (талаптар, дайындық жұмыстарды) ұйымдастыру |
| | 11. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарының жәй-күйі |
| | 12. Токсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы |
| | 13. Музыка сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тиімді дамыту жолдары (2-4 сыныптар) |
| Психолог
Ж.Есбергенова: | 14. Жас педагог қызметінің қойылған мақсаттары мен міндеттерінің айқындылығы, нақтылығы, өлшемділігін бағалау |
| Кафедра жетекшісі
Г.Кокишова: | 15. Дарынды және уәжді балалар туралы деректер базасын жаңарту, 9-11 сынып оқушыларының кәсіби диагностика жүргізу қорытындысы |
| Психолог
Ж.Есбергенова: | 16. Бастауыш сыныптарда қазақ тілі сабағында инновациялық технологиялардың қолдануы |
| | 17. Бастауыш сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабағын жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері |
| ҚББП Б.Сельбаева: | 18. Жаратылыстану пәнінде оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуда оқытудың инновациялық технологияны пайдалану ерекшеліктері (5-6 сыныптар) |
| ДТЖО
С.Аманкосова: | 19. Өмір сүру қауіпсіздігі негіздері», «ЖЖЕ» оқу курстарын жүргізу |
| | 20. Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру |

I ТЫҢДАЛДЫ

Кафедра жетекшісі Г.Шоланова - «Шетпе гимназиясы» КММ-де Зияткер кафедрасы ұйымдастыруымен 09.10-13.10.2023ж аралығында «Мұғалім – мектеп айнасы» атты апталық өтті. Тәжірибелі ұстаздар өткізген шараларға жас мамандар қатысып, сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерді, заман талаптарына сай жанаша оқыту сабақтарына қойылатын талаптарды үйренеді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 1)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

А.Елеуова: Өткізілген шебер сынып сабақтардан мен коучингтерден үйренгендерін жас мұғалімдер іс тәжірибесіне қолданып жатыр ма?

П.Куанова: Менің тәлім алушым сабақтарында қолдануға үйреніп келеді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Жас мамандар тәлімгерлердің сабақтарына қатысып және мектептегі шараларға белсене араласу;
- Үнемі сабақ жоспарларын тиынақты жасап жүру, сабақтарында АКТны тиімді қолдану және мұғалімдік әдепті сақтау;
- Бақылау басшылық жүргізу ДООЖО тапсырылсын.

II ТЫҢДАЛДЫ

Кітапханашы А.Айтурова:- Цифрлық кітапхананың әдістемелік құралдар мен диссертациялар базасы Алтынсарин Академиясының www.uba.edu.kz сайты сілтемесі мұғалімдерге жіберілді. Мектебімізде барлық мұғалімдер «ТорIQ» цифрлық оқулықтар платформасына тіркелген. Бұл платформа арқылы бастауыш сынып мұғалімдеріне orik.kz платформасына жіберген сілтемемен еңбекке баулу және бейнелеу өнері оқулықтарын пайдаланып отыр. Білім беру процесінде цифрлық оқулықтарды қолдану «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) сәйкес келеді. Білім беру процесінде цифрлық оқулықтарды қолдану «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) сәйкес келеді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 2)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын ары қарай дамытуға жұмыстарды жүргізу кітапханашы А.Айтуроваға тапсырылсын;

III ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова - 10.10-24.11.2023ж. күндері аралығында «Адам және қоғам» пәнінің берілісіне бақылау жүргізілді. Құқық пәнінен педагог-модератор Есболаев Райымбек сабақ береді. Барлық сабақтарында қысқа мерзімді жоспары бар. Оқу мақсаттарына сабақ мақсаттары сәйкес келеді. Тапсырмаларға сәйкес дискриптор, балл қоюды жүргізеді. Жұптық, топтық жұмыстарды жүргізеді. Сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын (e-learning, wordwall, classdojo т.б.) жақсы қолданады. Оқушылармен сабақ соңында кері байланыс орнату жақсы қалыптасқан. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 3)

I ТЫҢДАЛДЫ

Кафедра жетекшісі Г.Шоланова - «Шетпе гимназиясы» КММ-де Зияткер кафедрасы ұйымдастыруымен 09.10-13.10.2023ж аралығында «Мұғалім – мектеп айнасы» атты апталық өтті. Тәжірибелі ұстаздар өткізген шараларға жас мамандар қатысып, сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерді, заман талаптарына сай жаңаша оқыту сабақтарына қойылатын талаптарды үйренеді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 1)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

А.Елеуова: Өткізілген шебер сынып сабақтардан мен коучингтерден үйренгендерін жас мұғалімдер іс тәжірибесіне қолданып жатыр ма?

П.Куанова: Менің тәлім алушым сабақтарында қолдануға үйреніп келеді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Жас мамандар тәлімгерлердің сабақтарына қатысып және мектептегі шараларға белсене араласу;
- Үнемі сабақ жоспарларын тиянақты жасап жүру, сабақтарында АКТны тиімді қолдану және мұғалімдік әдепті сақтау;
- Бақылау басшылық жүргізу ДОЖО тапсырылсын.

II ТЫҢДАЛДЫ

Кітапханашы А.Айтурова:- Цифрлық кітапхананың әдістемелік құралдар мен диссертациялар базасы Алтынсарин Академиясының www.uba.edu.kz сайты сілтемесі мұғалімдерге жіберілді. Мектебімізде барлық мұғалімдер «ТорIQ» цифрлық оқулықтар платформасына тіркелген. Бұл платформа арқылы бастауыш сынып мұғалімдеріне orik.kz платформасына жіберген сілтемемен еңбекке баулу және бейнелеу өнері оқулықтарын пайдаланып отыр. Білім беру процесінде цифрлық оқулықтарды қолдану «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) сәйкес келеді. Білім беру процесінде цифрлық оқулықтарды қолдану «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен бекітілген (жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) сәйкес келеді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 2)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Жок

ҚАУЛЫ ЕТТІ

Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын ары қарай дамытуға жұмыстарды жүргізу кітапханашы А.Айтуроваға тапсырылсын;

III ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова - 10.10-24.11.2023ж. күндері аралығында «Адам және қоғам» пәнінің берілісіне бақылау жүргізілді. Құқық пәнінен педагог-модератор Есболаев Райымбек сабақ береді. Барлық сабақтарында қысқа мерзімді жоспары бар. Оқу мақсаттарына сабақ мақсаттары сәйкес келеді. Тапсырмаларға сәйкес дискриптор, балл қоюды жүргізеді. Жұптық, топтық жұмыстарды жүргізеді. Сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын (e-ltarning, wordwall, classdojo т.б.) жақсы қолданады. Оқушылармен сабақ соңында кері байланыс орнату жақсы қалыптасқан. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 3)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Ж.Бекболатова: Райымбек жас маман болсада тәжірибесі мен жетістіктері өте жақсы. Екі жыл қатарынан облыстық, республикалық олимпиадада құқық пәнінен жүлдегер оқушыларды дайындап отыр.

Б.Қанатбаев: Райымбектің іс-тәжірибесі таратылып, марапаттарға ұсынылып отыр ма?

А.Елеуова: іс-тәжірибесі облыстық деңгейде тарих пәні бойынша таратылды. Маңғыстау облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Есболаев Райымбектің құқық пәні бойынша іс-тәжірибесі тарату бейін жөніндегі орынбасар А.Елеуоваға тапсырылсын;

IV ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова - 2023-2024 оқу жылы ғылыми конкурстарға дайындық жоспарын іске асыру сапасын зерттеу бойынша тексеру жүргізілді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар конкурсына 8 оқушы жұмыстарымен тіркелген. Барлық қатысушылардың зерттеу жобалары ережеге сәйкес рәсімделген. Практикалық жұмыстары дәлелдермен келтірілген. Ғылыми жетекшілерден зерттеу жобаларына пікір алған. Күнделік толтыруда толық толтырмаған оқушылар Маханова Аянат, Әбдіразақ Айбар анықталып, кеңес берілді.

Зерде республикалық зерттеу жобаларына 15 секция бойынша 18 оқушы қатысады. Жұмыс жоспарлары бар. Аралық зерттеу нәтижелерін "Ою-өрнек салудағы сандық есептер», «Қорқыныштың адамға пайдасы», «ТикТок каналы арқылы ағылшын тілін тиімді меңгеру жолдары» тақырыбындағы жобалар дәлелдермен жетілдіру қажет. Барлық жетекшілердің зерттеу күнделіктерін толықтыру қажеттігі анықталды.

(Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 4)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Оқушының дайындығын жүйелі жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру, зерттеу жұмыстарын жалғастыру жетекшілеріне міндеттелсін және А.Елеуова бақылау жасасын;

V ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова - 2023-2024 оқу жылы ЖББ пәндер және «Зерде» ғылыми зерттеу жобаларына қатысатын оқушылардың даярлығы бойынша диагностика жүргізілді. Ережеге сәйкес жұмыстардың рәсімделуі және слайд, күнделіктерді толықтыру қажет екендігі анықталды.

(Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 5)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

П.Куанова: Оқушыларды бастауыш сыныптардан зерттеу жобаларына дайындағанның пайдасы зор. Бала сөйлеуге жақсы бейімделеді.

Э.Дюсембаева: Оқушылармен күнделікті жүргізуге шындығында мән беруіміз керек. Оқушы жасайтын және жасаған жұмыстарын жазып отырса жұмысы да тиянақты болады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Ғылыми зерттеу жұмыстарына оқушының даярлығын жетілдіру жетекшілеріне тапсырылсын және А.Елеуова бақылау жасасын;

VI ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова - 17.10-29.11.2023ж күндері аралығында «Сабақтар мен факультативтерде ғылы жұмыс элементтерін енгізу» тақырыбында бақылау жүргізілді. Ғылыми жұмыс элементтерін енгізі жаратылыстану пәндерінде (биология, география, химия, физика) жүргізілетіндігі сабақтарға қаты нәтижесінде байқалды. Ал факультативтердің көпшілігінде оқушылардың ғылыми жұмыстар бағыттау тапсырмалары беріледі. Соның нәтижесінде 2-7 сынып аралығында өтетін «Зерде» ғылым зерттеу жобалар байқауына 18 оқушы өз жұмыстарын мектепшілік кезеңде қорғап, аудандық кезең дайындалуда. Сабақтар мен факультативтерде ғылыми жұмыс элементтерін енгізуді жүйелі жолға қо қажет. Оқушыларды жобалық жұмыстарға көптеп тарту жоғары сыныптарда аз. Орыс тілі, спор жобалық жұмыстардың болмауы анықталды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 6)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Мұғалімдер жұмыс жоспарларына мектептің зерттеушілік мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шараларды енгізу және А.Елеуова бақылау жүргізісін;

VII ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова – 1.09-30.11.2023 ж. күндері аралығында педагогтерді аттестаттаудың тиімділігіне бақылау жүргізілді. 2023-2024 оқу жылы аттестаттауға өтініш берген 6 педагогтың жұмыстарына сараптау комиссия мүшелерімен бақылау жүргізілді. Педагогтар уақытылы пәндік курстардан өткен. Аудандық, облыстық, республикалық деңгейде жетістіктері бар. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 7)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

П.Куанова: Мен сараптау комиссиясында болғандықтан Сандұғаш пен Райымбектің сабақтарына қатыстым. Сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолданды. Бағалау, дискриптор нақты берілді. Үлгілі сабақтары бар педагогтар.

Ж.Бекболатова: Менде Алқабек, Нұрбек, Балхияның сабақтарына қатыстым. Мұғалімдердің сабақтарында сабақ мақсаттарына сәйкес, тапсырмаларды беру арқылы критериалды бағалауды жүйелі жүзеге асырады. Оқушылармен сабақ соңында кері байланыс орнатылады.

А.Дауылханова: психолог Жансая апай оқушыларға көптеген тренингтер өткізіп келеді.

Оқушылардың жағымды психологиялық ортасын құруға көптеген жұмыстар жүргізуде.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Аттестаттауға өтініш берген педагогтардың жұмыстарына бақылау жасалып, зерттеу сабақтарын жүргізу ұйымдастырылсын;

VIII ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова – 1.09-30.11.2023 ж. күндері аралығында пән бойынша сабақтарды жоспарлау және ұйымдастыру сапасын анықтауға бақылау жүргізілді. 27 сабаққа қатыстым. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Аманқосова С., Есболаев Р., Мұстафин А. сабақтарын Блум тоқсономиясымен жоспарлауға бейімделген. Мұғалімдер ұйымдастыру кезеңінде «Ой қозғау», «Ойлан,тап», «Шенберге жиналу» т.б. әдістерді пайдаланды. Алайда кейбір жас мамандардың(Н.Төлепов, М.Мұратбаева) сабақты ұйымдастыру кезеңдеріне мән бермеулері байқалды. Оқушылардың сабаққа зейіндерінің шоғырланбауынан мұғалімнің сабақ мақсатына жетуіне бағытталған тапсырмаларды орындатуына кері әсерін тигізді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 8)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

- ҚАУЛЫ ЕТТІ**
- Сабақтарды жоспарлау және ұйымдастыру сапасы қанағаттанарлық деп табылсын;
 - Жас мамандардың сабақтарына қатысып, бақылау жүргізу ДОЖО және ДБЖО ға тапсырылсын;

IX ТЫҢДАЛДЫ

ДБЖО А.Елеуова – 1.09-30.11.2023 ж. күндері аралығында жас педагогтардың кәсіби қиындықтарын анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. 2023-2024 оқу жылында 9 жас маман (8 пән мұғалімі) жұмыс жасайды. Жас мамандардың бірнеше сабақтарына қатысып, сұхбат жүргізілді. Биылғы оқу жылында құбылданған 2 жас пән мұғаліміне тәлімгерлер тағайындалған. Электронды журналға тақырып таңдалғанмен бағалардың уақытылы қойылмауы, қысқа мерзімді жоспарларының сабақта толық орындалмауы, цифрлық білім беру ресурстарын тұрақты пайдаланбау сияқты кемшіліктер анықталып, көмектер ұйымдастырылды. Мектеп психологі Ж.Есбергенова мұғалімдерге тренингтер жүргізді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 9)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жок

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Жас мамандардың сабақтарына қатысып, әдістемелік көмектер ұйымдастырылсын;

X ТЫҢДАЛДЫ

ДОЖО Г.Мұттахикызы – Жалпы пәндер бойынша мектепішілік олимпиаданың кестесі жасақталып сенбі күнге қойылды. Әр сенбі күндері пән мұғалімдері уақытылы кестеге сай жұмыстарын өткізіп келеді.

Қараша айының басында мектепішілік 5-11 сыныптар арасында жаратылыстану және гуманитарлық пәндердің олимпиадасының кестесі жасақталып, бекітілді.

2 қарашадан бастап мектепішілік олимпиада кестеге сай өткізілді. Гуманитарлық пәндер мен жаратылыстану пәндер бойынша үш күнге бөлініп кесте жасақталды. Сол кесте бойынша кабинеттерге бөлініп жұмыстары алынды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 10)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Ж.Бекболатова: Былтырғы оқу жылы республикадан 2 оқушымыз құқық, қазақ тілі пәндерінен орыналды. Биылғы жылы да оқушыларымыздың республикалық деңгейден көрінуіне дайындықты пысықтауымыз қажет.

С.Ерболатова: Жаратылыстану пәндерінен олимпиададан орындар аз алып жүрміз. Дайындықты күшейткен жөн.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Мектепішілік олимпиададан ауданға өткен оқушылармен пән мұғалімдері тығыз байланыста болып, дайындық жұмыстарын күшейту ДОЖО Г.Мұттахикызына міндеттелсін;

XI ТЫҢДАЛДЫ

ДОЖО Г.Мұттахикызы – Оқу жылының басында негізгі пәндерден пән мұғалімдері олықты анықтау мақсатында «0» білім кесіндісін жүргізді. Барлық пән мұғалімдерінің алған жұмыстарының пайыздық көрсеткіштері жинақталды. Нәтижелерін ескере келе олқылықпен жұмыс жоспарын құрды. Олқылықпен жұмыс жоспарларында көрсетілген оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар ҚМЖ да көрініс табу керектігі ескертілді. Үлгерімі төмен оқушылар анықталды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 11)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР жок

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Жас мамандарға көмек беру тәлімгерлерге міндеттелсін;
- Кафедралар бойынша оқушылардағы білім сапасының төмендеу себептерін анықтасын;
- Олқылықтарға бақылау жүргізу ДОІЖО Г.Мұттахиқызына міндеттелсін;

XII ТЫҢДАЛДЫ

ДОІЖО Г.Мұттахиқызы – 1-оқу тоқсанының қорытындысымен тжб талдауын барлық пән мұғалімдер жазды. Талдамасы жасалды. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру қажет. Алынған жұмыстарға талдау жүргізу барысында жас мамандарға көмек тәлімгерлер тарапынан көмек көбірек керек екендігі анықталды. Бірлестіктер бойынша бірлескен жоспарлаулар мен оқушылардағы білім сапасының төмендеу себептерін анықтау қажет. Мұғалімдердің білімді игертудің тиімді әдістерін білмеуі, кейбір сыныптардағы пән мұғалімдерінің оқушыларда ептілік пен дағдыларды қалыптастырудың тәсілдерін меңгермеуі пайда болып отырғандығы анықталды.

(Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 12)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

С.Аманкосова: ТЖБ жүргізуде мұғалімнің шеберлігі керек және өте жауапты атқарылатын жұмыс. 1% жетпей тұрған оқушыларға модерация ұйымдастырудың да пайдасы бар.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- ТЖБ талдау нәтижесі бойынша төмен көрсеткіштегі оқушылармен жұмыстарды пән мұғалімдеріне тапсырылсын;
- ТЖБ тапсырмаларының орындалысын бақылау ДОІЖО Г.Мұттахиқызына міндеттелсін;

XIII ТЫҢДАЛДЫ

ДОІЖО Г.Мұттахиқызы – Музыка сабақтарына жас маман Мендібай Жәнісбек сабақ береді.

(Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 13)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

А.Елеуова – Жәнісбектің 18.10.2023ж. күні 2-сыныпта ««Дос» туралы шығарма жазу» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Мұғалім оқушыларға «айтылым», «көрсетілім», «жазылым», «тыңдалым» дағдыларын дамытуға түрлі тапсырмаларды орындатты. Мұғалімге ән орындатар алдында 7 нота бойынша дауыс жаттығуын жасау керектігі ескертілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Музыка сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту қанағаттанарлық деп табылсын;

XIV ТЫҢДАЛДЫ

ДОІЖО Г.Мұттахиқызы – Жас педагог қызметінің қойылған мақсаттары мен міндеттерінің айқындылығы, нақтылығы, өлшемділігін бағалау туралы таныстырып өтті. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 14)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Г.Шоланова: Жас мамандарға қыркүйек айынан бері әдістемелік көмегімізді беріп келемін. ҚМЖ құрастыру, журнал толтыру, бағалау түрлері т.б. жұмыстарды үйретіп отырмын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Жас мұғалімдерге әдістемелік көмектерді ұйымдастыру жалғастырылсын;

XV ТЫҢДАЛДЫ

Психолог Ж.Есбергенова – «Шетпе гимназиясы» КММ – де 2023 – 2024 оқу жылындағы кәсіби бағдар бойынша жылдық жоспарына сәйкес іс – шаралар мерзімдерінде өткізіліп келеді. 11 – сынып оқушыларының тұлғалық өсуін дамытуда, кәсіптік бағдар беруде, көшбасшылық қасиеттерін дамытуда және ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыруда «Дублер күні» ұйымдастырылды. Іс – шаралар жоспары жасақталып, жоспар негізінде таңдау пәндері бойынша оқушылар ашық сабақтарын өткізді. 10 – 11 – сынып оқушыларына болашақ мамандықтарын анықтау және таңдаған мамандықтарына психологиялық дайындау, қолдау көрсету мақсатында «Оқушыларға кәсіптік бағдар берудегі психологиялық қызмет» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды. 7 – 11 – сынып оқушыларынан Гарднердің көптік ақыл – ой тестісі алынып, қорытындыланды. 8 – 9 – сынып оқушылары кәсіби бағдар беру бойынша edunavigator.kz тестісінен өтіп, оқушыларға қорытындылары таныстырылды. 9 – 10 – 11 – сыныптар бойынша Холланд – Климов әдістемесі өткізілді. Қорытындысы шығарылды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 15)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- 9 – 11 – сынып оқушыларының кәсіби диагностика жүргізу қорытындысымен оқушылармен шығармашылық жұмыстар жүргізу пән мұғалімдеріне тапсырылсын;

XVI ТЫҢДАЛДЫ

Кафедра жетекші Г.Кокишова – Бастауыш сыныптарда қазақ тілі сабағында инновациялық технологиялардың қолдануы бойынша бақылау жүргіздім. Бастауыш сыныпта 4 мұғалім сабақ береді. Оқушылардың «Айтылым», «Жазылым», «Тыңдалым» дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық технологияларды қолданады. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 16)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Бастауыш сыныптарда қазақ тілі сабағында инновациялық технологиялардың қолдануы қанағаттанарлық деп табылсын;

XVII ТЫҢДАЛДЫ

Психолог Ж.Есбергенова – Бастауыш сыныпта дене тәрбиесінен жас маман Жыйынбаев Ұлан 1-5 сыныптарға сабақ береді. Жүктемесі 15 сағат. Сабақтарында спорттық ойын түрлерінің ережелерін үйретуге түрлі әдістерді пайдаланады. Қауіпсіздік ережелерінде таныстырып отырады. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 17)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

Б.Қанатбаев: Әріптесімнің сабақтарына қатысып, өзімнің білетіндерімді айтып отырамын. Ұланның оқушылармен қарым – қатынасы жақсы қалыптасқан.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Бастауыш сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабағын жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері қанағаттанарлық деп табылсын;
- Пән мұғаліміне әдістемелік көмектерді ұйымдастыру дене нұсқаушысы Н.Асқарұлына тапсырылсын;

XVIII ТЫҢДАЛДЫ

ҚББП Б.Сельбаева – Жаратылыстану пәндерінде оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытуда оқудың инновациялық технологияны пайдалану ерекшеліктері (5-6 сыныптар) бойынша сабақтарға қатыстым. Жаратылыстану пәнінен география пәні мұғалімі Мұстафин Алқабек сабақ береді. Санаты педагог-модератор. Мұғалімі сабақтарында оқудың инновациялық технологиялары ClassDojo ны пайдалану арқылы оқушыларды топқа бөлу, уақыт есептеу, тапсырма беру, кері байланыс алу пайдаланды. lerningaapps.org, wordwall платформасын қолдану арқылы сабақтарын қызықты өткізді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 18)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

А.Елеуова: Алқабек сабақтарында инновациялық технологияларды жақсы қолданады. Қатысқан сабақтарымда көріп жүрмін.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Мұғалімнің іс-тәжірибесі әдістемелік журналдарға жариялансын;

XIX ТЫҢДАЛДЫ

ДТЖО С.Аманқосова – 2023-2024 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар, 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылды. 10-11-сыныптарда 12-16 сағаттан «Алғашқы әскери және техникалық дайындық» пәні аясында оқытылды. "ӨҚН" курсы бойынша оқу бағдарламасына сәйкес курстың әрбір тақырыбын "дүние тану", "дене шынықтыру" және "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәндерінің белгілі бір тақырыбына байланыстыру көзделеді, бұл оқу-білім беру курсын зерделеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 19)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Сабақтың уақытында өткізілуін қадағалау ДТЖО Г.Мұттахиқызына тапсырылсын;

XX ТЫҢДАЛДЫ


ДТЖО С.Аманқосова – Оқу жылының басында әр сынып бойынша ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектеп жарғысы, ішкі ереже, мектеп формасы, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау кабинеті» бойынша түсінік жұмысы жүргізілді. Ата-аналар комитеті нақтыланды. «Ашық есік күнінің» кестесі бекітіліп, таныстырылды. (Сөйлейтін сөздің жазбасы қоса беріледі 20)


СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР

жоқ

ҚАУЛЫ ЕТТІ

- Ата-аналармен байланысты күшейту, «Педагогикалық қолдау кабинетінің» жұмысын жандандыру, «Ашық есік» күніне уақытында қатысуын қадағалау ДТЖО С.Аманқосоваға міндеттелсін;

Жиналыс төрайымы:  А.Елеуова

Хатшы:  А.Танатарқызы